

БИОМЕДИЦИНАЛЫҚ ЭТИКАНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

¹Тәттібек Н., ²Құрманбаева Л.Т.*, ³Кобегенова Г.Ж., ⁴Абдикһапарова Г.А.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы, Қазақстан)

²М.Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті (Алматы, Қазақстан)

³Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
(Ақтау, Қазақстан)

⁴Қ.Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық Университеті (Алматы, Қазақстан)

¹nurgultatbek78@mail.ru, ²klt2302@mail.ru, ³gulmira.kobegenova@yu.edu.kz,

⁴g.abdikhaparova@satbayev.university

¹Tattibek N., ²Kurmanbayeva L., ³Kobegenova G., ⁴Abdikhaparova G.

¹ Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

²М. Tynyshbayev ALT University (Almaty, Kazakhstan)

³Sh. Yesenov Caspian University of Technology and Engineering (Aktau, Kazakhstan)

⁴ K. Satpayev Kazakh National Technical University (Almaty, Kazakhstan)

¹nurgultatbek78@mail.ru, ²klt2302@mail.ru, ³gulmira.kobegenova@yu.edu.kz,

⁴g.abdikhaparova@satbayev.university

Аңдатпа. Соңғы уақытта философтардың, әлеуметтанушылар мен жалпы қоғамның медицина және биология саласындағы ғылыми қызметтің этикалық аспектілеріне деген қызығушылығы айтарлықтай артты. Мұның себебі 20 ғасырдың соңғы ширегінде биомедициналық ғылымдар мен технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты деуге болады. Және бұл құбылыс жаңа мәселелердің пайда болуына әкеліп, бұл мәселелерді шешу үшін биоэтика саласы пайда болды.

Ғылым саласында биоэтика тақырыбының өзекті болуына дәрігер-пациент қарым-қатынасының модельдерінде нарық жағдайындағы келісімшарттық бағытқа ауысуы болды. Биоэтика мәселесі бойынша әртүрлі көзқарастардың болуына қарамастан жеткілікті тұжырымдамалық теориялық негіздің жоқтығы биоэтика саласындағы әртүрлі көзқарастар қақтығыстарына әкеледі. Зерттеу тақырыбымызда қазіргі кездегі биоэтикалық теориялардағы (утилитарлық, деонтологиялық, моральдық міндеттемелер теориясы және т.б.) түрлі проблемалары қарастырылады. Мақаламызда биоэтика саласының түрлі мәселелерінің философиялық тұрғыдан талдау жұмыстары баяндалған. Бұл мақалада биоэтиканың аксиологиялық, онтологиялық, гносеологиялық, стратификациялық және пәнаралық салаларына қатысты ғылыми мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: медицина, этика, биоэтика, нормалар, парадигмалар, деонтология, міндеттемелер.

Кіріспе

Заманауи биологияның жаңалықтары ғылымның даму аясын кеңейтіп, әлемдік ғылыми қоғамдастықтың әлеуметтік, саяси және әсіресе этикалық мәселелермен тікелей байланысты проблемаларға назарын аударды. Ғылымның

* Автор-корреспондент - Құрманбаева Л.Т., klt2302@mail.ru

дамуы оң нәтижелермен қатар жеке тұлғаның техникалық және ақпараттық кеңістікте шеттетілуі, жауапкершілікті жоғалтуы, моральдық зұлымдықтың күшеюі сияқты күрделі салдарға алып келді. Биоэтиканың пайда болуы ғылымның құндылықтары мен жалпы қоғамның құндылықтары арасындағы қайшылықтарға деген реакциясының бір көрінісі болды. Ғылым өзінің даму процесінде этикалық сипаттағы мәселелерді туғыза отырып, оларды қоғамдық моральдық реттеу саласына аударды. Биология және медицина салаларында бұл тенденция ғылыми зерттеулердің жаңа бағыты – биоэтиканың институттануының қалыптасуына алып келді. Бұл сала, яғни, биоэтика саласы – адам тұлғасы мен адам өмірі құбылысымен байланысты негізгі философиялық мәселеге қатысты зерттеулерді қамтиды.

2020 жылғы 23 қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі тарапынан бекітілген «Биоэтика жөніндегі орталық комиссия туралы ережеде» биоэтикаға төмендегідей анықтама беріледі: «Биоэтика - өмір туралы ғылымның жаңа жетістіктерін қолданудың моральдық, әлеуметтік, құқықтық аспектілерін талдау мақсатында биомедициналық және гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт».

Қарқынды дамыған биомедициналық технологиялар қазіргі заманғы адамдардың өміріне белсенді түрде енуде. Осы процесске байланысты туындаған көптеген моральдық мәселелер дәстүрлі медициналық этика аясында шешімін таба алмайтын тұстары кезігеді. Мысалы, адамның жаңа репродуктивті технологияларды, клондау және эвтаназияны қолдану жағдайы бойынша индивидтің өзі реттеуге құқығы болып-болмауы секілді мәселелер өзекті тақырыптарға айналды. Өкінішке орай, ғылым мен техниканың дамуы аталған мәселелерді ескермей пайдалануға алып келді және бұл мәселелер адамгершілік пен адам болмысының құбылыстары туралы қалыптасқан түсінікке қарсы жаңа көзқарастар туындатты. Замануи биомедициналық технологияларды қолдануда адам ең алдымен зерттеудің объектісі ретінде қарастырылады [1].

Зерттеу әдіснамасы

Биоэтикалық мәселелердің адамды құндылық ретінде қарастыруға қатысты зерттеуде: биоэтикалық мәселелердің негізгі тәсілдерін құрылымдауға мүмкіндік беретін тарихи-философиялық әдіс, адам табиғатының сақталуына, жойылуына ықпал ететін биомедициналық актілермен арақатынасын анықтайтын тарихи реконструкция әдісі, ғылыми-техникалық прогрестің адамның дүниетанымына ықпалының мәні мен маңызын анықтайтын этикалық-аксиологиялық талдау әдістері қолданылады. Бұл бастамалардың адам болмысындағы герменевтикалық семантизмнің аспектілері әмбебап форматтарда қарастырылмақ. Мартин Лютер мен Давид Юмның тәжірибелік мәселелерге қатысты семантикалық анықтамалары да осы жерде өз жауабын табады. Униерсали идеялары этикалық теориялар арқылы болмыстық тағылымдамаға негізделеді. Жұмыстың барысы салыстырмалы әдістерді қатар қарастыру мен биоэтикалық мәселелер құрылымдық верификациялар арқылы салыстырылады. Сондай-ақ, биология мен медицина саласындағы этикаландыру процессін бағалау; адам табиғаты мәселесінде философия тарихында қалыптасқан көзқарастардың қазіргі түсінігін

анықтау; адам өмірі мен өлімін философиялық, медициналық-биологиялық және этикалық аспектілерде түсінудің әртүрлі концепциялары жүйелі түрде талдау; өмір философиясы, экзистенциализм, гуманистік психоанализ, діни философиясы, космизм сияқты дәстүрлі философиялық және антропологиялық концепциялары да назарға алынады.

Биомедициналық этика ұғымы және теориялары

Биоэтика мәселелеріне қатысты әдебиеттер жеткілікті болғанымен, бұл сала теориялық және әдістемелік тұрғысынан одан әрі зерттеуді талап етеді. Биомедициналық технологиялардағы прогреске байланысты туындаған мәселелерді шешу қызметтері биоэтика аясына жатады. Биоэтика – ғылыми зерттеудің ерекше интеграциялық пәнаралық саласы болып табылады. Сонымен қатар, кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша, биоэтика адамдарға жаңа биомедициналық технологияларға әсер ететін, олардың дүниетанымының негіздерін өзгертуге әкелетін факторларды анықтауға бағытталған ғылым саласы. Теориялық контексте биоэтика дүниетанымның эволюциясын зерттейді, ең алдымен ғылым мен техниканың өсіп келе жатқан әлемінің әсерінен құндылық-этикалық компонент ретінде бағалауға болады [2].

Биоэтика медицина саласында ең көп қолданылатын терминдердің біріне айналды. Биоэтика – бұл әлі толық қалыптаспаған жаңа этикалық бағыт ретінде этиканың тек философиямен ғана емес, сонымен қатар медицинамен және биологиямен де алыс байланысы бар ғылым саласы болып табылады. Биоэтикалық және практикалық тәжірибелерді дәстүрлермен, тыйымдармен, ережелермен, нормалармен байланысты көзқарастарын Денис Арнольд, Том Бошам және Норман Боуи «Этикалық теория және бизнес» атты еңбектерінде қарастырған. Бұл ережелер, нормалар мен әдет-ғұрыптар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, белгілі бір қауымдастықтың ең маңызды құндылықтарын қалыптастырады және қорғайды [3; 26-28].

Биоэтика бағытындағы зерттеулердің өзектілігі көп жағдайда жаратылыстану және гуманитарлық саладағы әртүрлі ғылыми саладағы ғалымдарының зерттеулерін қолдану объектісі болып табылады. «Биоэтика» термині көбіне философиялық тұжырымдамаға немесе биомедициналық саладағы проблемалық жағдайлардың жиынтығына сілтеме жасау үшін қолданылады. Биоэтикалық зерттеулердің дамуына К. Вокс, С. Хоровиц, Д. Каллахан, Э. Пеллегрини, В.Р. Поттер, П. Рамсей, Дж. Флетчер секілді ғалымдар үлес қосқан [4; 6-7]. Батыс ғалымдары Э. Кюблер-Росс, С. Гроф, К. Гроф, Р. Муди, Л. Уотсон еңбектерінде биоэтика тақырыбы медициналық-биологиялық қызмет саласындағы мәселелерге қатысты орын алған. Қазіргі АҚШ биоэтикасы туралы Д. Уиклер, Д. Брок, А. Каплан еңбектерінде берілген. Философиялық-этикалық және әдіснамалық мәселелерді А.А. Иванюшкин, А.П. Огурцов, Б.Г. Юдин еңбектерінде қарастырылған. Ресейде Л.В. Коновалова, Л.Ф. Курило, В.И. Покровский, И.В. Силуянованың еңбектерінде биоэтика мәселелері көрсетілген [2].

XX ғасырдың көптеген ойшылдары ғылыми дамудың адамның интеллектуалдық және рухани әлеміне, қазіргі мәдениеттің технологиялану процесіне әсеріне қатысты мәселелеріне назар аударады. Осыған қатысты

К.Ясперстің экзистенциализм концепциясын, Э.Фроммның, А.Швейцердің гуманистік концепцияларын, Э.Фроммның гуманистік психоанализі, В.И.Вернадскийдің космизмінің теориясы, П.Тейхардтың антропологиялық эволюционизмі, Н.А.Бердяев, С.Л.Франк, Н.О.Лосский, Л.П.Карсавиннің діни философиясы және философиялық-этикалық талдаулар ретінде Р.И.Апресян, О.Г.Дробницкий еңбектерін атап өткен жөн. Адам мәселесін биомедициналық зерттеулердің моральдық дилеммалары тұрғысынан қарастыру Л.П.Буваның, П.С.Гуревичтің, М.С.Мамардашвили, Б.В.Степин, Л.В.Фролов еңбектерінің негізгі тақырыптары болған [4; 5-7].

Теология саласының өкілдері болса, биоэтика мәселелерінде адамның өміріне биомедициналық технологиялардың енуіне байланысты түрлі жағымсыз салдардың болуы мүмкін екендігіне алаңдаушылық білдіреді.

Биоэтиканың философиялық мәселелері

«Этика» терминін грек ойшылы Аристотель (грек тілінен аударғанда *ethos* – әдет, мораль, әдет) ұсынған және ол адамның отбасындағы, қоғамдағы, күнделікті өмірдегі және еңбек қызметіндегі қарым-қатынасын анықтайтын моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелері туралы ілімді білдіреді. Медициналық этика – бұл дәрігердің және медицина қызметкерінің кәсіби қызметіне, мінез-құлқына және оның адамгершілік қасиеттеріне қойылатын талаптардың, принциптердің, ережелер мен нормалардың жиынтығы. Медициналық этика негіздері б. з. д. IV ғасырда Гиппократтың жазбаларында көрініс тапты: дәрігер мен қоғам, дәрігер мен науқас, дәрігер мен науқастың туыстары, дәрігерлердің өздері, дәрігердің құпиясы, медициналық қателіктер және т. б. [5].

Биомедициналық технологиялардың дамуы адамды тұлға ретінде қабылдауға қатысты көзқарастардың өзгеруіне алып келді. Биомедициналық зерттеулердің дамуына байланысты туындаған әлеуметтік-этикалық мәселелер осы саладағы ғылыми нәтижелерді этикалық реттеу; ғалымдардың, дәрігерлердің, пациенттердің өзін-өзі моральдық санасы және моральдық жауапкершілігі; биомедициналық актілердің адам табиғатымен байланысы секілді байланыстарды қайта бағалаудан өткізуге деген қажеттілік туындатып отыр.

Биоэтиканың пайда болуы қазіргі ғылыми білімдегі интегративті процесстердің дамуының салдары болды. Биоэтика қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының жүйелі зерттеуіне сүйене отырып, жалпы адамзаттық құндылықтар арасындағы қайшылықтарды бейтараптандыру қызметін атқарады. Биоэтикалық зерттеулер адамның тұтастығын оның құрамдас элементтеріне ыдырату тенденциясын анықтайды.

Медицина саласында түсініктері ұқсаса да, бір-бірінен ерекшелінетін биоэтика ұғымымен қатар деонтология да қолданылады. Деонтологиялық теория – нюанстар мен ерекше жағдайларды ескермейтін және оны нақты жағдайларда әрқашан қолдануға сәйкес келе бермейді. Биоэтика теориясына сүйене отырып, профессор В.И.Моисеевтің адам табиғатын түсіну тұрғысынан кейбір мәселелерді әртүрлі философиялық мектептер және оларға байланысты шешім қабылдау эволюциясын бақылау тұрғысынан қарастыруға болады [6; 85]. Деонтология – кәсіби міндеттерді орындау кезіндегі борыш, моральдық талаптар критерийлері секілді нақты этика ережелері қарастырылатын жалпы

этиканың бір бөлімі. Деонтология ұғымы 1789 жылы ағылшын философы Бентамның «Деонтология адамгершілік ғылымы ретінде» еңбегінде алғаш рет қолданылады. Медициналық деонтология дәрігерлердің практикалық және ғылыми қызметіндегі мінез-құлық принциптерін қарастырады және негіздейді.

«Биоэтика» терминін 1969 жылы американдық биолог В.Р. Поттер енгізген. Поттер биоэтиканы биологиялық білім мен адами құндылықтардың қосындысы ретінде белгілеп, «өмір сүру және өмір сүру жағдайларын жақсарту туралы ғылым», «емдеу әдісін таңдау және ғылыми білімді іс жүзінде қолдану туралы шешім қабылдағандардың жауапкершілік өлшемін анықтайтын» пән ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ, 1990 жылы Страсбург биоэтика симпозиумы ұсынған анықтамаға сәйкес биоэтика білімнің жан-жақты саласы бола отырып, медицина мен биология саласының дамуымен қатар туындайтын моральдық, құқықтық және әлеуметтік мәселелерді зерттейді. Биоэтиканың жаңа ғылыми пән ретінде қалыптасуы, 60-шы жылдары басталған ғылыми-техникалық революциямен жүзеге асуымен қатар дамыған медицинаның прогресіне байланысты болды. Медициналық практикаға жаңа технологияларды кеңінен енгізу моральдық-этикалық және құқықтық проблемалардың кешенін тудырды, сондай-ақ бұл жаңашылдықтарды дәстүрлі медициналық этика аясында шешу кейде мүмкін емес болып шықты. Нәтижесінде биоэтикалық медицина саласына қажеттілік туындады [5].

Медициналық этика, көбіне қолданбалы кәсіби этика ретінде білінеді, ал биоэтика түсінігі ғылым философиясы мен биотехнология мәселелеріне қатысты ұғым ретінде қолданылады. Биоэтика ұғымын түсіну арқылы медициналық және ғылыми қоғамдастықта моральдық мәселелерді зерттеуге және медицина мен ғылымдағы этикалық дилеммаларды шешуге көмектеседі [7].

Биоэтика – бұл медицина ғылымының жаңа жетістіктерін қолданудың моральдық, әлеуметтік, құқықтық аспектілерін талдау мақсатында биомедициналық және гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт. Сондай-ақ, маңызды ұғым болып табылатын биоэтикалық сараптама дегеніміз – биомедициналық зерттеу материалдарын алдын ала қарау және биоэтика жөніндегі комиссияның этикалық қолайлылығы, қатысушылар үшін қауіпсіздігі және осы зерттеудің орындылығы тұрғысынан негізделген қорытындысын беру жұмыстарының тізбектелген жиынтығынан тұрады [8].

Биоэтикалық мәселелерді біржақты шешу адамның тұтас бейнесіне қатысты құндылықтық көзқарастың орнына моральдық қатігездік секілді көріністер алмастыруда. Бұл процесс адамның өз іс-әрекеті үшін моральдық жауапкершілік деңгейінің төмендеуіне де әкелуі мүмкін. Биоэтика осы секілді этикалық қайшылықтарды шешудің жолын табуға тырысады. Биоэтиканың негізгі міндеттері – адамның физикалық-материалдық, психикалық және рухани құрамдас бөліктері мен адамды жаратылыстану және гуманитарлық зерттеу әдістері арасында үйлесімді байланыс орнату болып табылады.

Қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибе негізінде жаңа ғылыми бағыттардың пайда болуына алып келуде. Биоэтика – осы бағыттардың бірі болып табылатын, биологиялық және философиялық-этикалық білімдердің синтезін білдіретін қазіргі мәдени дамудың маңызды жетістерінің бірі. Биоэтиканың пайда болуына әсер еткен негізгі фактор биологиядағы және жалпы ғылыми технологиядағы прогресс болды.

Бүгінгі таңда биоэтика мәртебесіне қатысты әртүрлі көзқарастар бар. Бұл көзқарастар медициналық этика дамуының жаңа кезеңі ретінде де, қоғамның әлеуметтік институты ретінде де қарастырылады. Сондай ақ, биоэтика – адамдарға технологиялық прогресс жағдайында қауіпсіз өмір сүруге мүмкіндік беретін «жаңа мәдениет» ретінде қарастырылады.

Биоэтика қазіргі философиялық-этикалық зерттеулердің ерекше бағыты ретінде қарастыра келіп, кез келген басқа ғылым сияқты белгілі бір қызметтерді жүзеге асырады, сонымен қатар биомедициналық зерттеулердің моральдық реттеу принциптерін қалыптастырады және осы салада қабылданған шешімдерді бағалайды.

Қазіргі заманғы философиялық жаңа зерттеулер биоэтикалық мәселелерді тұжырымдауда әлеуметтік мораль, моральдық сана мен этиканың ғылым ретінде дамуының жаңа бағыттарын айқындайтын мүлде жаңа тенденциялардың пайда болуына алып келді. Медицинаның негізгі мақсаты адам өмірін сақтау болса [9], іс жүзінде адамгершілікке қарсы әрекеттерден құралғанын байқауға болады [10].

Биоэтика пәнаралық бағыт ретінде ғылыми прогресстің көрінісі болып табылады. Жаратылыстану және гуманитарлық білімнің жүйелі жетістіктері ғылым саласында прогреске алып келсе де, екінші жағынан, молекулярлық биологтар өздерінің әдістерімен генетикалық процестердің ең жақын механизмдеріне және физиологиялық мәнімен де әсер ететін үлкен қауіптерді алып келуде. Бұл проблемалар әлеуметтік, құқықтық, философиялық, этикалық, жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар арасындағы байланысты күшейтті. Биоэтика адам мәселесінде ғылымдардың кешенді зерттеулерін жүзеге асыра отырып адамды біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

Биоэтиканың және медицина туралы тақырып қозғалғанда ежелгі дәуірдегі және ортағасырлық философиялық ой-пікірлерден басталатынын атап өткіміз келеді [11; 63]. Биоэтиканың бірінші ғылыми мәселесі – бұл кезеңдегі биоэтиканың және медицинаның мән-мағынасы заманауи медицина философиямен үйлесе бермейді. Гиппократтың ойынша, «алдымен ауру немесе науқас емес, ел емделуі керек» деген сөз шындықтан ажырап, оның мағынасында «реанимация» термині қолданылған (сөзбе-сөз: кеудеге оралу үшін жанды қалпына келтіру) [12; 29].

Биоэтиканың екінші ғылыми мәселесі – биоэтика саласын медицина саласынан бөліп қарастыруында. Заманауи медицинада клондау, экзотаназия, аборт немесе трансплантология қажеттілігінің моральдық принципі әлі толық нақтылаған жоқ, сонымен қатар бұл тақырыптар биоэтиканың философия бөлімінен ажыратылып клиникалық салаларға ауыстырылды [8; 122].

Биоэтиканың үшінші ғылыми мәселесі саланың зерттелуіндегі стратификациялық тәсілмен байланыстырылады, мысалы, дәрі-дәрмек алуға мүдделі адамдардың мәселесі негізгі проблемалардың бірі болып табылады.

Биоэтиканың төртінші ғылыми мәселесі – бүтін мен бөлшектің арасындағы қайшылыққа байланысты, яғни табиғатсыз адамдар қатынасындағы қайшылықтар.

Биоэтиканың бесінші ғылыми мәселесі – шіркеу мен мемлекеттің бөлінуімен байланысты. Дін ғұламалары ауру-сырқаулардың шығу тегі күнәнің жазасы сипатында болады деп болжамдаған. Аурудан айығу үшін күнәларынан тазару қажет және ол үшін тәубеге келіп, кешірім сұрап, құрбандық шалу керек дегенге сенген [13; 52].

Биоэтиканың алтыншы ғылыми мәселесі кешенді пәнаралық байланысты қамтиды. Биоэтиканы дүниетанымдық тұрғысынан, дінтану мен христиан антропологиясының діни-этикалық сипатын ескерсек; құқықтық нормаларға қайшы келмейтін, соңғы үлгідегі медициналық технологияларды меңгеруі арқасында шығармашылық ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға болады. Егер ЖОО оқу бағдарламаларында антропологиялық принципті қолданатын болсақ: анатомия, физиология, гистология пәндерін; ал адамның рухани дүниесі үшін: психология, философия, мәдениеттану, дінтану және дін антропологиясы пәндерін айтуға болады [2].

Жетінші ғылыми мәселе коммуникацияның жаңа түрімен байланысты. Егер бұрын формула «дәрігер – пациент» болып көрінсе, енді «дәрігер - аппарат - пациент» ретінде қарастырылады. Дәрігерлердің есептерді дайындауға қатысты шамадан тыс жүктемелері пациентке жұмсайтын уақыттың бір бөлігі болып табылады, яғни бір пациентке 17 минут бөлудің орнына 2-3 минут беріледі. Заманауи жағдайда, дәстүрлі медициналық этика нормалары жүйелі түрде жұмыс істемейді, керісінше жаңаша сипаттама беруге немесе қайта қарауға тура келеді. Идеалды моральдық құндылықтар тек сөз жүзінде және теорияда жарияланып, іс жүзінде бұрмалануға, деформацияға және елемеушілікке ұшырауда [11; 64].

Жоғары технологиялық өндірістің дамыған ақпараттық қоғам – өмірдің әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да салаларында түрлі жаңа өзгерістер алып келді [14; 74]. Ғылымның жылдам дамуы және оның нәтижелері медицина саласына да айтарлықтай әсер етіп, биоэтика саласының терең зерттелуіне қажеттілік туындатып отыр.

Этика қағидаларын сақтау барлық саладағы қызметте маңызды екені белгілі. Медицина саласында этика медицина қызметкерлері мен пациенттер қарым-қатынасының көрінісі ретінде қабылданған медициналық шешімдерге әсер етіп жатады. Медициналық этика дегеніміз – медицинаға қатысты моральдық құндылықтар мен пайымдаулардың жиынтығы [7]. 1979 жылы том Бочамп Джеймс Чилдрес «Биомедициналық этика принциптері» атты еңбегінде: пациенттің өз денсаулығы туралы шешім қабылдаудағы автономиясы, дәрігердің науқасқа зиян келтірмеуге деген ұмтылысы, дәрігердің игілікке басымдықпен қол жеткізуге бағытталуы және әділеттілік принципі ережелеріне сүйенуі қажет деп көрсетеді. ДДҰ 2004 жылы «сақтық қағидасын» (precautionary principle) қоғамдық денсаулықты сақтау мен қоғамның қауіпсіз дамуының негізгі қағидасы ретінде жариялады. Бұл принципті жүзеге асырудағы негізгі мәселелердің бірі өте жиі «тәуекелге сақтықпен қарау» ретінде анықталады. Сақтық принципі жауапкершілік ұғымымен және биоэтиканың негізгі қағидаларының бірі «зиян келтірмеу» қағидасымен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Сайып келгенде, жаңа биоэтикалық принциптерді қолдану, биоэтикалық құндылықтарды қорғау және медициналық тәжірибеде биоэтикалық ізгі қасиеттерді сақтау қазірдің өзінде емдеудің тиімділігін арттыруға және кәсіби медициналық этиканы нығайтуға ғана емес, сонымен бірге тікелей оң экономикалық әсерге де әкеледі. Осылайша, биоэтика медициналық практика мен жалпы денсаулық сақтау саласында ғана емес, сонымен бірге бүкіл экономикалық салада үлгі көрсетеді: биоэтиканың принциптерін, құндылықтарын мен ізгіліктерін экономикалық қызметте қолдану қоғамға, жеке адамға және ұжымдарға сөзсіз пайда әкеледі [3; 26-27].

Медицинада төрт негізгі моральдық міндеттеме бар: индивидті құрметтеу, қайырымдылық, зиянның болмауы және әділеттілік. Қызмет барысында осы төрт қағиданы қолдану арқылы дәрігерлер тәжірибеде моральға негізделген шешім қабылдауға көмектеседі [7]. Бұл қағидалар Гиппократ антының мазмұнына негізделеді [15; 35]. Сондай-ақ, осы қағидаларға ұқсас ойлар, яғни жақсылық пен шындықтың өзара тәуелділігі қалыптасқан алғашқы философиялық ойлар Платонның еңбектерінде орын алған. Платон негізін қалаған эйдетикалық дәстүрде барлығына ортақ игілікті дұрыс түсіну практикалық қызметтің ақиқаты мен әділдігін қамтамасыз етеді [15; 39].

«Ең бастысы – зиян келтірмеу» (*primum non nocere*) қағидасы ежелгі дәуірден бастау алады. Бұл қағиданың авторы ретінде Гиппократ есімі білінеді: «ең алдымен зиян келтірмеңіз, содан кейін емдеңіз» (*primum non nocere, deinde medicare*). Гиппократ өзінің «Антында» дәрігерге науқасқа «барлық зиян мен әділетсіздік» келтірмеу туралы ескертеді. «Жақсылық жасау» қағидасы бұл қағида «ең бастысы зиян келтірме» қағидатының жалғасы болып табылады. Сонымен бірге, ол дәрігерді науқасқа зиян келтіруден сақтап қана қоймай, оның денсаулығын сақтауға, диагноз қоюға, қажетті емдеу жүргізуге және мүмкіндігінше науқасты емдеуге белсенді түрде әрекет етуге шақырады. Ал емдеу мүмкін болмаған жағдайда – азапты жеңілдету, ауырсынуды жою және науқастың психологиялық жағдайын жақсартуға тырысуына кеңес береді. Науқасқа жақсылық жасау, яғни науқасқа мүмкіндігінше қысқа мерзімде қажетті медициналық көмек көрсетуге тырысу дәрігердің ішкі қажеттілігі болуы керек. Пациенттің автономиясын құрметтеу принципі – пациенттің диагностика мен емдеудің қажетті әдістері туралы өз бетінше және саналы түрде шешім қабылдауын білдіреді. Науқас белгілі бір шешім қабылдауы үшін дәрігер оны аурудың сипаты және жоспарланған диагностикалық және емдеу шаралары туралы хабардар етуі керек. Егер аурудың сипаты мүмкіндік берсе және ол кенеттен болмаса, белгілі бір мәселелерді нақтылау үшін науқас таныстарынан, достарынан, туыстарынан, басқа дәрігерлерден кеңес сұрайды. Егер осыдан кейін науқас белгілі бір шешім қабылдаса, онда ол автономды болып саналады [16; 70].

Қазіргі медицина саласында биоэтика қағидаларының көп қолданатын сәті ақпараттандырылған ерікті келісім жағдайында орын алады. Ақпараттандырылған ерікті келісім – бұл қауіпті жағдайда немесе белгілі бір шарттар орындалған кезде ғана пациенттің келісімімен медициналық араласудағы медициналық этика мен медициналық-құқықтық доктринасы. Пациенттің медициналық араласуға келісімін алуы алғаш рет XVIII ғасырда Ұлыбританияда жүзеге асқан. Ақпараттандырылған келісімді қамтамасыз ету үшін пациенттің физикалық, эмоционалды және танымдық қабілетті болуы керек. ДСҰ қағидаттарына сәйкес заңнамада ерікті және ақпараттандырылған келісім негізінде емдеудің барлық түрлері көрсетілуі керек, ал еріксіз ауруханаға жатқызу мен еріксіз емдеу тек ерекше жағдайларда ғана қолданылуы керек. Көптеген елдердегідей, Қазақстанның да заңнамасында көрсетілгендей, адам медициналық араласуға келісуге де, одан бас тартуға да құқығы бар [7]. Әділдік принципі, дәрігердің өз қызметінде науқасқа әділ қараумен байланысты қағида. Гиппократ «Дәрігер туралы» эссесінде: «дәрігер барлық жағдайда әділ болуы керек, өйткені науқастар өздерін дәрігерлердің қолына тапсырады» деп жазды. Ортағасырлық Қытай дәрігерлерінің кодексі

болып саналатын «Мың алтын дәрі» кітабында: «дәрігер әділ және ашкөз емес» деп сипатталады және ол науқастарға жанашырлық сезімін сезінуі керек және олардың жағдайына қарамастан науқастардың қайғы-қасіретін жеңілдетуге салтанатты түрде уәде беруі керек. Яғни, дәрігер, ақсүйек немесе қарапайым адам, кедей немесе бай, қарт немесе жас, әдемі немесе ұсқынсыз, жау немесе дос, осы жерлердің тумасы немесе бөтен, білімді немесе білімсіз — бәрін бірдей емдеуі керек. Дәрігер науқастың қайғы-қасіретін өз азабы ретінде қарастыруы керек және өзінің қолайсыздығына қарамастан, мысалы, түнгі қиындықтар, қолайсыз ауа-райы, аштық, шаршау сияқты азаптарын жеңілдетуге тырысуы керек. Міне осы аталғандардың барлығы әділеттік қағидалары болып табылады [16; 71-72].

Гиппократ антының этикалық мағынасына мән берген 1995 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты, ядролық физик Джозеф Ротблат, ғылымның этикалық бейтараптығы идеясына қарсы, ғалымдарға Гиппократ антын ұсынады [15; 41-42]. Әсіресе медицина саласында этика қағидалары ретінде жоғарыда аталған Гиппократ антына негізделген төрт қағида биоэтикалық қағида ретінде қолданысқа көрініс табауда.

Өзгерген жаңа қоғамның талабы ретінде Қазақстан Республикасында биоэтика жөніндегі комиссиялар құрылған болатын. Бұл комиссия медициналық зерттеулерге қатысушылардың қауіпсіздігін және құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету және бұл зерттеулер аяқталғаннан кейін тәуелсіз сараптама қызметін атқаратын орган болып табылады [1]. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы №ҚР ДСМ-151/2020 бұйрығымен «Биоэтика жөніндегі орталық комиссия туралы ереже» бекітілді. Биоэтика жөніндегі орталық комиссия – биомедициналық зерттеулерге қатысушылардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін биомедициналық зерттеулер жүргізуге байланысты құжаттарда, бұл зерттеулерді жоспарлауда, орындалу барысында биоэтикалық сараптама жүргізетін уәкілетті органның аясындағы тәуелсіз сараптама органы болып табылады. Биоэтика жөніндегі орталық комиссияның міндеттері: денсаулық сақтау саласын заманауи шарттарға сәйкес дамыту, инновациялық медициналық технологияларды енгізу бойынша биоэтика мәселелері бойынша талдау және халықты хабардар ету; биомедициналық зерттеулер барысында биоэтикалық мониторинг қызметтерін жүргізу; биоэтика жөніндегі жергілікті комиссиялардың қызметін үйлестіру және комиссия бекіткен стандарттарға сәйкестігін бақылау; биоэтика мәселелері бойынша құжаттарды әзірлеу; биоэтика жөніндегі жергілікті комиссияларды сертификаттау және т.б. тұрады. Сондай-ақ, комиссияның құрамы медициналық, гуманитарлық, қоғамдық ұйымдар және құқық саласы мамандары өкілдерінен тұрады [1].

2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тарапынан «Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидалары және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптары» туралы №ҚР ДСМ-310/2020 бекітілген. Аталған ережелер бойынша, биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидалары – биомедициналық зерттеулер жүргізу тәртібін айқындайды, сондай-ақ зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды белгілейді [8].

Технологиялық дамудың арқасында қоғамның барлық салаларында көптеген әлеуметтік мәселелердің шешімдері табылып, нәтижесінде жаңа технологиялардың жетістіктері ақпараттық қоғамның құрылуына негіз болды.

Ақпараттық қоғам ерекшеліктерінің бірі – экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда қызмет көрсету саласының артуымен сипатталады.

Қорытынды

Биоэтиканы дамытудың мақсаты капиталистік жүйенің пайда мақсатына қолданылады, ал адам тауар ретінде саналатын нарықтың техногендік әлемінде адамгершілік үшін күрестің көрінісі болып табылады.

Биоэтиканың заманауи кейбір мәселелері: әскерилер биороботтарды клондау сынақтарында биоэтика ережелеріне бағынбауы; фармацевтика мен генетиканы бизнеске айналдырған бизнесмендер биоэтиканы елемей; кейбір медициналық ғылыми журналдарда биоэтика тақырыптары көтерілмеуі; биоэтика кейбір медициналық университеттерде академиялық пән ретінде философия кафедрасынан клиникалық мамандықтарға ауыстырылуы; биоэтикалық комитеттердің белгілі бір медициналық құралдарды немесе өнімдерді лоббилеуге мүдделі адамдардан құралуы секілді проблемаларды қамтиды.

Жоғары технологиялық жетістіктер жағымды факторларымен қатар жағымсыз факторларды да қоса алып келді. Бұл жөнінде, «...Сайып келгенде, биотехнология біздің адами болмысымызды жоғалтады», - деп жазады Ф.Фукуяма [17; 64]. Қоғамның жылдам өзгеру шарттарына адам өзінің денсаулығына теріс әсер ететін техногендік әсерлерден қорғалуға дайын емес болып шықты. Медицинаның нарықтық негізге көшірілуі мәселесі де адамзат тағдырының жаһандық проблемасының бірі болып табылады. ХХІ ғасырда адам өмірі абсолютті құндылық екендігі белгілі. Медицина саласында азаматтардың денсаулығы басымдыққа ие болмаған жағдайда қоғамдағы кез келген өзгерістердің нәтижесі сәтсіздік болуы мүмкін [17; 66-68].

Заманауи биомедициналық технологиялардың мақсаты – адам болмысын манипуляциялау және қайта құру болып табылады. Нарық науқастар мен дәрігерлер арасындағы коммерциялық қарым-қатынастар үшін жағдай жасайды, сондықтан моральдық өмір, сапалы фармация, гендік инженерия, клондау, ұрық терапиясы, трансплантология, эктаназия және түсік түсіру секілді әрекеттер бизнес пен әскери мүдделердің пайдасына шешіледі. Мақаланы жазудағы мақсатымыз индивидтің әлеуетті мүмкіндіктерінің көмегімен пациенттер мен кәсіби медициналық қауымдастықтар, заң мен шындық, пайда мен пайдалану және дәстүр мен парыз арасындағы қайшылықты шешетін реттеу әдісін табу болып табылады.

Қорытындылай келе, «Биоэтика» саласының ар-ождандық және адам үшін қауіпсіздік парадигмасы қайта қарастырылғанда ғана биоэтиканың әлеуметтік-философиялық мәселелерін зерттеу тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да маңызды болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-151/2020 бұйрығымен бекітілген «Биоэтика жөніндегі орталық комиссия туралы ереже», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021512>

2 Русакова Е.А., Философско-этические проблемы биомедицинских исследований, тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 09.00.05, 2002, <https://www.dissercat.com/content/filosofsko-eticheskie-problemy-biomeditsinskikh-issledovaniy>

3 Бойченко М. И., Бойченко Н. М., Шевченко З. В. Трансдисциплинарные перспективы биоэтики и множественная социальная идентичность (философское исследование) // Перспективы науки и образования. 2020. № 2 (44). С. 19-29., <https://cyberleninka.ru/article/n/transdistsiplinarnye-perspektivy-bioetiki-i-mnozhestvennaya-sotsialnaya-identichnost-filosofskoe-issledovanie>

4 Реймер М.В., Культурологический поворот в современном биоэтике, автореферат на диссертаций, Волгоград, 2016.

5 Амиров Н.Х., Альбицкий В.Ю., Нежметдинова Ф.Т., Медицинская биоэтика как наука и предмет преподавания, Казанский Медицинский Журнал, 2 Том, LXXIX, Март-Апрель, 1998, 81-86, https://www.researchgate.net/publication/354559692_Medical_bioethics_as_a_science_and_teaching_subject/fulltext/635ff32212cbac6a3e1162f7/Medical-bioethics-as-a-science-and-teaching-subject.pdf

6 Летов О.В. Философско-этические проблемы биологии и медицины. <https://cyberleninka.ru/article/n/filosofsko-eticheskie-problemy-biologii-i-meditiny>

7 Медициналық биоэтика, https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder25985/%D0%91%D0%B8%D0%BE%D1%8D%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0_%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F%201-2.pdf

8 Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидаларын және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы Бұйрық, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021851>

9 Вич Р. Модели моральной медицины в эпоху революционных изменений // Вопросы философии. 1994. № 3. С. 67–72.

10 Канке В.А. Основные философские направления и концепции науки. Итог и XX столетия. М.: Логос, 2000. 320 с.

11 Шишкин А.Е., Философия медицины: проблемы биоэтики, Гуманитарный вектор. 2019. Т. 14, № 4 Зильбер А. П. Этюды критической медицины. М.: МЕДпресс-информ, 2006. 568 с.

12 Прот. Леонид Грилихес Библейский взгляд на причины и сущность болезней. Православие и пробле-мы биоэтики: сборник работ. М., 2017. 504 с.

13 Исаева М.И., Исабаева Н.М., Шимаева С.М., Ешпанова Д.Д. Цифрлық түркі әлемі және Қазақстанның ақпараттық дискурсы// Адам әлемі. – 2024. – В. 73-81.

14 Мелик-Гайказян И.В., Мещерякова Т.В., Клятва Гиппократы: трансформация семантики и возрождение прагматики, Σχολη Vol. 9. 1 (2015), 2015, 35-44, <https://cyberleninka.ru/article/n/klyatva-gippokrata-transformatsiya-semantiki-i-vozhrozhdenie-pragmatiki>

15 Саперов В. Н., Биоэтика или медицинская (врачебная) этика? Основные принципы медицинской этики, Клиническая медицина, № 8, 2012, 69-72, <https://cyberleninka.ru/article/n/bioetika-ili-meditinskaya-vrachebnaya-etika-osnovnye-printipy-meditinskoy-etiki>

16 Хлыстова Н.А., Феномен медицинской культуры Часть 2. Мировоззренческая составляющая медицинской культуры, Бюллетень сибирской медицины, № 2, 2008, 59-69. <https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-meditinskoy-kultury-chast-2-mirovozzrencheskaya-sostavlyayuschaya-meditinskoy-kultury>

Transliteration

1 Qazaqstan Respublikası Densaulıq saqtaw ministrinin 2020 jılgı 23 qazandagı № QR DSM-151/2020 buyırıgımen bekitilgen «Bioetika jonindegi ortalıq komissiya turalı ereje».[«Regulations on the Central Commission on Bioethics» approved by the Order No. QR DSM-

151/2020 of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan dated October 23, 2020] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021512>

2 Rusakova Y.A., *Filosofsko-eticheskiye problemy biomeditsinskikh issledovaniy, tema dissertatsii i avtoreferata po VAK RF 09.00.05, 2002, [Philosophical and ethical problems of biomedical research, topic of dissertation and abstract according to the Higher Attestation Commission of the Russian Federation 09.00.05, 2002]* <https://www.dissercat.com/content/filosofsko-eticheskie-problemy-biomeditsinskikh-issledovaniy>

3 Boychenko M.I., Boychenko N.M., Shevchenko Z.V., *Transdisciplinarye perspektivy bioetiki i mnojestvennaya sotsialnaya identichnost (filosofsie issledovane) // Perspektivy nauki i obrazovanya. 2020. [Transdisciplinary perspectives of bioethics and multiple social identity (philosophical research)] No. 2 (44). S. 19-29.,* <https://cyberleninka.ru/article/n/transdistsiplinarnye-perspektivy-bioetiki-i-mnozhestvennaya-sotsialnaya-identichnost-filosofskoe-issledovanie>

4 Reymer M.V., *Kul'turologicheskiy povорот v sovremennom bioetike, avtoreferat na dissertatsiy, [The Cultural Turn in Modern Bioethics, dissertation abstract]* Volgograd, 2016.

5 Amirov N.Kh., Albitsky V.Yu., Nezmetdinova F.T., *Medisinskaya bioetika kak nauka i predmet prepodavanya, Kazanskii Medisinskii Jurnal, Vol. 2, LXXIX, March-April, 1998, 81-86,* https://www.researchgate.net/publication/354559692_Medical_bioethics_as_a_science_and_teaching_subject/fulltext/635ff32212cbac6a3e1162f7/Medical-bioethics-as-a-science-and-teaching-subject.pdf [Medical bioethics as a science and subject of teaching]

6 Letov O.V., *Filosofsko-eticheskiye problemy biologii i meditsiny.* <https://cyberleninka.ru/article/n/filosofsko-eticheskie-problemy-biologii-i-medsitsiny> [Philosophical and ethical problems of biology and medicine]

7 Medicinalıq bioetika, https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder25985/%D0%91%D0%B8%D0%BE%D1%8D%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0_%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F%201-2.pdf

8 Biomedicinalıq zertteuler jurgizu qagidaların jane zertteu ortalıqtarına qoyılattın talaptardı bekıtu turalı Buyırq, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021851> [Biomedicinalıq zertteuler jurgizu qagidaların jane zertteu ortalıqtarına qoyılattın talaptardı bekıtu turalı Buyırq]

9 Vich R. *Modeli moral'noy meditsiny v epokhu revolyutsionnykh izmeneniy [Models of Moral Medicine in an Era of Revolutionary Change]* // *Voprosy filosofii. 1994. № 3. S. 67–72.*

10 Kanke V.A. *Osnovnyye filosofskiyе napravleniya i konseptsii nauki. Itog i XX stole-tiya. M.: Logos, 2000. 320 s. [Main philosophical trends and concepts of science. The results of the 20th century]*

11 Shishkin A.Y., *Filosofiya m(editsiny: problemy bioetiki, Gumanitarnyy vektor. [Philosophy of Medicine: Problems of Bioethics, Humanitarian Vector]* 2019. T. 14, № 4 Zil'ber A. P. *Etyudy kriticheskoy meditsiny. M.: MED press-inform, 2006. 568 s.*

12 Prot. Leonid Grilikhes *Bibleyskiy vzglyad na prichiny i sushchnost' bolezney. Pravoslaviye i proble-my bioetiki: sbornik rabot. [A Biblical View of the Causes and Nature of Disease. Orthodoxy and the Problems of Bioethics: A Collection of Works]* M., 2017. 504 s.

13 Issayeva M.I., Isabaeva N.M., Shimaeva S.M., Eshpanova D.D., *Sifrlıq Turki Alemi jane Qazaqstannın Aqparattıq Diskursı // [The Informational Discourse of Kazakhstan in the Foreign Turkic World]* Adam alemi. – 2024. – № 1 (99). – B. 73-81.

14 Melik-Gaikazyan I.V., Meshcheryakova T.V., Klyatva Gippokrata: transformasiya semantiki i vozrojdenie pragmatiki, [The Hippocratic Oath: The Transformation of Semantics and the Revival of Pragmatics] *Σχολη Vol. 9. 1 (2015), 2015, 35-44,* <https://cyberleninka.ru/article/n/klyatva-gippokrata-transformatsiya-semantiki-i-vozhrozhdenie-pragmatiki>

15 Saperov V.N., *Bioetika ilil medisinskaya (vrachebnaya) etika? Osnovnie printsipy medisinskoi etiki, Klinicheskaya medisina, [Bioethics or medical (healthcare) ethics? Basic principles of medical ethics, Clinical medicine]* No. 8, 2012, 69-72, <https://cyberleninka.ru/article/n/bioetika-ili-medsitsinskaya-vrachebnaya-etika-osnovnye-printsipy-medsitsinskoy-etiki>

16 Khlystova N.A., Phenomen medisinskoi kultury Chast 2. Mirovozzrencheskaya sostavlayushaya medisinskoi kultury, Bulletin Sibirskoi Medisiny, [The Phenomenon of Medical Culture. Part 2. The Ideological Component of Medical Culture. Bulletin of Siberian Medicine] No. 2, 2008, 59-69. <https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-meditsinskoy-kultury-chast-2-mirovozzrencheskaya-sostavlayushaya-meditsinskoy-kultury>

**Тәттібек Н., Құрманбаева Л., Кобегенова Г., Абдихапарова Г.
Философские проблемы биомедицинской этики**

Аннотация. В последнее время значительно возрос интерес философов, социологов и общества в целом к этическим аспектам научной деятельности в области медицины и биологии. Можно сказать, что причина этого связана с бурным развитием биомедицинских наук и технологий в последней четверти XX века. И это явление привело к возникновению новых проблем, и для решения этих проблем появилась область биоэтики.

Актуальность темы биоэтики в сфере науки была обусловлена сдвигом модели взаимоотношений врача и пациента к договорному направлению в рыночной ситуации. Несмотря на существование различных взглядов на проблему биоэтики, отсутствие достаточной концептуально-теоретической основы приводит к конфликтам различных взглядов в области биоэтики. В теме нашего исследования рассматриваются различные проблемы современных биоэтических теорий (утилитарной, деонтологической, теории моральных обязательств и др.). Философский анализ различных вопросов биоэтики описан в нашей статье. В данной статье рассматриваются научные вопросы, связанные с аксиологической, онтологической, гносеологической, стратификационной и междисциплинарной областями биоэтики.

Ключевые слова: медицина, этика, биоэтика, нормы, парадигмы, деонтология, обязательства.

**Tattibek N., Kurmanbayeva L., Kobegenova G., Abdikhaparova G.
Philosophical Problems of Biomedical Ethics**

Abstract. Recently, the interest of philosophers, sociologists and society in general in the ethical aspects of scientific activity in the field of medicine and biology has significantly increased. The reason for this can be attributed to the rapid development of biomedical sciences and technologies in the last quarter of the 20th century. And this phenomenon led to the emergence of new problems, and the field of bioethics emerged to solve these problems.

The relevance of the topic of bioethics in the field of science was due to the transition of models of doctor-patient relations to a contractual direction in market conditions. Despite the existence of different points of view on the issue of bioethics, the lack of a sufficient conceptual theoretical basis leads to conflicts of different points of view in the field of bioethics. Our research topic considers various problems in modern bioethical theories (utilitarian, deontological, theory of moral obligations, etc.). Our article presents a philosophical analysis of various issues in the field of bioethics. This article considers scientific issues related to the axiological, ontological, epistemological, stratificational and interdisciplinary areas of bioethics.

Key words: medicine, ethics, bioethics, norms, paradigms, deontology, obligations.

Келін түсті 05.08.2025
Қабылданды 12.11.2025